

Тастекеев Қ.Қ.,
Сансызбаев А.М.

**Қазақстан Республикасындағы
аралық соттар мен
экономикалық соттардың
дамуы және
айырмашылықтары**

Бұл мақалада қарастырылған өзекті мәселелер Қазақстанда экономикалық соттар мен аралық соттардың айырмашылықтары, қайнар көздері және Би соттармен байланысы туралы ғалымдардың пікірлері мен зерттеулері жинақталып, ондағы түрлі деректер сараланып нәтижелер жасалды. Қазақстан Республикасы нарықтық экономикаға көшкеннен кейін аралық соттар қарқын ала бастады. Аралық соттың қазіргі күні кәсіпкерлер үшін өте тиімді екендігі бүгінгі таңда дәлелдене бастады. Осы мақалада аралық соттың экономикалық соттардан айырмашылықтары мен ерекшеліктерін саралай келе қорытындылар жасалды.

Түйін сөздер: аралық сот, экономикалық сот, Би соттары, шаруашылық істер, сот билігі, кәсіпкерлер.

Tastekeev K.K.,
Sansyzbay A.M.

Features of Arbitration and Economic Court of the Republic of Kazakhstan

The article examines the problem of Arbitration and Economic Court of the Republic of Kazakhstan. Due to the development of a market economy in the Republic of Kazakhstan, consideration of the economic, commercial disputes by arbitral tribunals became particularly important in practice,. People with the mentality of the former Soviet Union in the event of economic, commercial disputes mainly appeal to economic courts. With the acquisition of sovereignty and independence, arbitration courts in the Republic of Kazakhstan began to evolve. A feature of arbitration courts according to the law is a property by which arbitration awards can not be appealed, and a short time dealing with disputes arising between employers. The article examines the sources, communications, and especially the development of the arbitration court and the court of biys.

Key words: arbitration, Economic Court, commercial disputes, court of biys, judiciary, entrepreneurs.

Сансызбаев А.М.,
Тастекеев К.К.

**Особенности развития
третейского и экономического
суда в Республике Казахстан**

В статье исследуются проблемы развития третейского и экономического суда в Республике Казахстан. В связи с развитием рыночной экономики в Республике Казахстан особое значение приобретают в практике рассмотрение экономических, хозяйственных споров третейскими судами. Люди с менталитетом постсоветского пространства при возникновении экономических, хозяйственных споров в основном обращаются в экономические суды. С приобретением суверенитета и независимости в Республике Казахстан стали развиваться третейские суды. Особенностью третейских судов по закону является свойство, по которому решения третейских судов обжалованию не подлежат, короткие сроки рассмотрения споров, возникающих между предпринимателями. В статье рассматриваются источники, связь, и особенности развития третейского суда, также суд биев.

Ключевые слова: третейский суд, экономический суд, хозяйственные споры, суд биев, судебная власть, предприниматели.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АРАЛЫҚ СОТТАР МЕН
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
СОТТАРДЫҢ ДАМУЫ
ЖӘНЕ
АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ**

1. Қазақстан Республикасында сот жүйесі туралы түсінік.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек қана сот жүзеге асырады. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

Қазақстан Республикасында экономикалық істер жөніндегі соттар кәсіпкерлердің арасында туындаған дауларды қарастыратын сот.

Қазақстан Республикасында экономикалық, шаруашылық істер туралы туындаған дауларды жергілікті жердегі экономикалық соттар қарастырады. Экономикалық соттар Қазақстан Республикасының маңызы бар қалаларында Астана мен Алматыда және облыс орталықтарында орналасқан.

Кәсіпкерлер кәсіптік іс-әрекеттеріне байланысты дау-дамайлары туындаған жағдайда жауапкердің тұрғылықты жеріндегі экономикалық соттарға талап арыз беру арқылы бұзылған құқығын қалпына келтіре алады.

Қазіргі кезде барлық экономикалық соттарда бір судья айына кем дегенде 40-50 даулы істерді немесе одан да көп дауларды қарастырады. Осы орайда қаралатын даулардың көптігі, экономикалық соттарда судьялардың шектен тыс көп жұмыс бастылығына әкеп соғады, осыған орай кейбір жағдайда экономикалық соттың шешімі сапасы жағынан тараптарға күмән тудырып жатады.

Сондықтан экономикалық соттың шығарған шешімдеріне қанағаттанбаған тараптар ары қарай апелляциялық шағымдар жасауға мәжбүр болады. Жоғарғы инстанцияға шағым жасаған тараптардың шағымдарын қайта қарастыру үшін жоқ дегенде бір ай мерзім кетеді.

Келесі кезекте сол апелляциялық соттың шешіміне қанағаттанбаған тарап Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына шағымдана алады, жоғарғы сот бұл шешімді толықтай оқып, танысып қарастырғанша кем дегенде екі ай мерзімі өтетіні мәлім. Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты даулы

тұлғалардың арыздарын қарастырып белгілі бір шешім шығарады немесе қайта қарауға экономикалық соттарға жібереді, сонда жоғарыда айтылған мерзімдерді саралап қарасаңыз кем дегенде экономикалық соттарға жүгінетін тұлғалар дау-дамайларын шешу үшін жарты жыл уақыт кетеді екен.

1.1 Қазақстандағы аралық сот туралы түсінік. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында аралық сот туралы заң 28 желтоқсан 2004 жылы қабылданған [1], осы өткен он екі жыл ішінде аралық соттардың қарқынды дамымағаны барлығымызға мәлім. Қазақстан Республикасында аралық соттың қызмет көрсету заңдылықтарын барлық азаматтар әлі толықтай түсініп біле қойған емес, әлі сол экономикалық соттарға жүгіну әдеттері қалар емес.

Қазақстанда аралық сот экономикалық, шаруашылық істер туралы туындаған дауларды шешуге арналған сот.

Аралық сотта дауды шешу үшін жеке және заңды тұлғалар тауарларды сатып алу және сату, немесе тасымалдау тағы да басқа келісім шарттарды жасаған уақытта «аралық келісім» (третейская оговорка) жасау қажет, егер тараптардың жасаған келісім шарттарында «аралық келісім» болса, тараптардың арасында туындаған дауларды тек қана аралық сот қарастырады, егер тараптардың арасында жасалған келісім шарттарында «аралық келісім» жасалса, экономикалық сот дауды қарауға құқықтары жоқ [2].

Егер тараптардың арасында жасалған келісім шартта «аралық келісім» болмаса, тараптардың арасында туындаған даулары бойынша жергілікті экономикалық соттарға жүгіну арқылы бұзылған құқықтарын қалпына келтіре алады, бірақ экономикалық сотқа жүгінетін тұлғалардың жағдайларын біз атап өттік.

1.2 Аралық соттың экономикалық соттан айырмашылықтары.

Аралық соттың экономикалық соттан айырмашылықтары келесідей.

1. Кәсіпкерлікпен айналысатын жеке және заңды тұлғалардың арасында туындаған дауларын аралық сотқа шешуге беретін болса, аралық сот дауды қысқа мерзім ішінде қарастырып шешім шығара алады, егер даудың пәні 200 бетке дейін болса, 20 күннің ішінде, егер даудың пәні 200-ден жоғары болса, 40 күннің ішінде дауды толықтай қарастырып шешім қабылдайды.

2. Аралық соттың шығарған шешімдері жоғарғы инстанцияларға шағымдануға жатпайды, шағымдануға жатады, егер аралық соттар өздері-

нің құзыреттеріне жатпайтын дауды қарастырса немесе тараптардың құқықтарын бұза отырып қарастырған болса.

3. Аралық соттардың шығарған шешімдері тараптармен мерзімінде ерікті түрде орындалуы тиіс, егер мерзімінде орындалмаса мәжбүрлі түрде мемлекеттік сот орындаушылары орындатады.

4. Аралық сотта жеке және заңды тұлғалардың арасында туындаған дауларды қарастырған уақытта талапкер және жауапкер әрқашан өзінің дауын шешетін судьяны тізімдегі судьялардың ішінен өздері таңдап алады.

Жоғарыда көрсетілген екі тараптар өз судьяларын таңдап алғаннан кейін төрағалық ететін үшінші судьяны тараптармен таңдалған екі судья өздері таңдап алады, аралық сотта әрқашан дауды үш немесе бес судья, яғни судьялар тақ сандар болуы керек.

5. Аралық сотқа дауды шешуге шағымданған азаматтардың өтініші бойынша дауды кез-келген қалаға барып шешуге болады, бірақ ол үшін жолға кеткен және де басқа шығындарды тараптар өздері төлейді.

6. Аралық сотта кез-келген тарап дауды толық жан-жақты қарастырылуы үшін өздерінің адвокаттары немесе заңгерлері арқылы дауды шешуі мүмкін, егер қажет болған жағдайда тараптардың дауларын анықтау үшін аралық судьялар арнайы сараптама тағайындауға құқықтары бар.

Міне, осындай аралық соттың экономикалық соттардан айырмашылықтары. Аралық сот жеке және заңды тұлғалар арасында туындаған дауларды шешуге ең қолайлы және тиімді. Құқықтары бұзылған тараптар бұзылған құқықтарын қысқа мерзімде қалпына келтіре алады. Тек қана аралық соттарға жүгінетін жеке және заңды тұлғалардың арасында туындаған даулардың пәні бір миллион теңгеден кем болмауы қажет. Аралық соттар ұсақ-түйек дауларды, еңбек дауларын немесе мемлекеттік мекемеге байланысты дауларды қарастырмайды.

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы ҚР Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы Жарлығында «Аралық және төрелік соттар дамитын болады» делінген [3]. Егер аралық сотты Президент өзі тікелей қолдап отырса, келешекте мәртебесі көтеріліп дамытылатыны хақ. Барлық дамыған мемлекеттерде кәсіпкерлер дауларының 65-80 пайызы аралық соттарда қарастырылып шешіледі. Кәсіпкерлерге бұл аралық сот өте тиімді және Қазақстанда болашағы зор екеніне күман келтірмейді.

2. Аралық сотпен Би сотының ұқсастықтары. Қазақ хандарының арасындағы құдіретті хан Абылай билердің тәуелсіздігіне қарамай, ру арасындағы күрделі шиленістерді, дауларды шешуге келгенде төрағалықты өз қолына алған.

Билік басына Тәуке хан келген кезде халықтың жағдайын көре келіп, сотқа міндетті түрде әкімшілік өкілдерінің қатысуын талап етіп отырған.

Билерді азаматтар ерікті түрде өздері сайлаған, билер ауылдағы мәртебелі, танымалы, даналық қасиеттері бар тұлғалар болды. Билер тараптардың арасындағы дауларды шешкенде әрқашан қазақтың ескіден келе жатқан әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрін сақтай білді. Жалпы алғанда қазақтың сот құрылымы міндетті түрде жазаға тарту, соттау емес, тараптардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіріп, ымыраға келтіруді көздеді. Билер тек бір ауылдың ғана емес, сонымен бірге көршілес ауылдардың, басқа рулардың арасындағы туындаған дауларды қарастырды.

Қазақ даласында дауларды билер ғана шешкен жоқ, тараптар өздерінің арасындағы дауды шешу үшін тәуелсіз азаматтарды таңдап, өз дауларын шешуді үшінші азаматқа ұсынатын кездері де болды. Жалпы ортақ бағыныштылығы жоқ тараптар арасындағы дауларда, ру арасындағы дауларды аралық сотта қарау жүргізілді. Бірқатар бақылаушылар қазақтар аралық төреші іздегенде бөтен, басқа жақтан келген адамдарға, тіпті орыс көпестеріне өтінішпен баруды көздеді деп атап өтті Ш. Уәлиханов»

3. Қазақ даласында аралық соттың пайда болу тарихы.

Бүгінгі таңда аралық соттың қазақ даласында тарихи тұрғыдан нақты өз бағасын тауып, құлашын кең жаза алмай, ұлттық, заңгерлік, тарихи-теориялық қалыпқа түсе алмай жатқан тұстары мол.

Қоғамның қалыптасуынан бастап тараптардың арасындағы дауларды шешуші тұлғалар өзінің ой-өрісіне сенетін адамдар болды. Тарихи деректерге сүйенсек, соттық дау-шарларды қарайтындар өмірлік ұстанымдары мол дана ақсақалдар, билер, беделді адамдар болған. Дауды шешуші тұлғалар мұндай мәртебеге мұрагерлікпен емес, жеке бас қасиеттері, руластары мен тума-туысқандарының сенімі арқылы ие болды. Аралық сот институты азаматтардың арасындағы белгілі бір дауларды өзара келісу арқылы келісімшарт негізінде қалыптасып, әділдіктің шыңына жетуге негізделді. Жалпы дауды шешуші дербес тұлғалармен, арнайы адамдар тобымен құрылды.

Келісімшартқа байланысты «азаматтардың құқықтарының бұзылуын қорғау органдарының ішінде дүниежүзінде кең тарағаны аралық сот. Басқаша арбитраждық сот немесе арбитраж деп те аталады», – М.К. Сүлейменов [4, 65 б.].

Тараптар негізінен араларындағы дауды шешуге жақын таныстары емес, мүлде танымайтын, өтіп бара жатқан адамдарды үшінші тәуелсіз тұлға ретінде дауды шешуге таңдаған. Азаматтар дауларының әділетті түрде шешілуіне билерге жүгінуі немесе өздері дауға байланысты биді таңдап алу негіздері де даудың бұрмаламаушылығын қалаған.

Аралық соттың пайда болуы шетелдерде ұқсас екенін көруге болады. Негізінен аралық соттың туындауы барлық мемлекетте саудагерлік әрекеттерден басталғаны байқалады. Азаматтардың арасындағы сату-сатып алуға байланысты дау туындағанда тараптар оны тез арада шешу үшін үшінші тұлғаға немесе аралық сотқа жүгінген.

Ежелгі грек мемлекеті тәжірибесінде арбитраж шекара, өзендер мен тоғандарды иемдену құқығы туралы дауларды қарауда қолданылды. Арбитр ролінде әдетте, жеребе бойынша сайланған өз азаматтық топтарына арбитраждық қызмет жүргізген үшінші мемлекет қатысты.

Ежелгі Рим патшасы азаматтар арасындағы дауды шешу үшін арбитражға өзі келмей, өкілдері арқылы арбитр ретінде қатысты, әрине, ол өзіне тиімді жағын ойлады.

Шет мемлекеттерде де аралық соттың дамуы азаматтардың дауды шешу кезіндегі тәуелсіз үшінші тұлғаны өздері таңдап алуы жағынан қарағанда сол кездегі аралық сотқа азаматтардың жүгіну мақсаты шындықтың, әділеттіліктің түбіне жету үшін тараптар соттан тек дәлелді әділ шешімді күтетінін байқаймыз. Сонымен, аралық соттың пайда болу тарихы шет елдерде де ұқсас. Азаматтардың арасында туындаған дауды өздері таңдап алған үшінші тұлға арқылы тез арада шешуге байланысты тапқан азаматтардың айла, тәсілдерінен туындағаны рас.

П.Я. Грешниковтің пікіріне сүйенсек, «қазақ даласы дүниеге би сотын әкелді, ол – өзінің табиғаты бойынша аралық соттың баламалық түрінің бірі» [5, 42 б.]. Осы пікірге байланысты біз тарихта би соты мен аралық соттардың байланысы бар екенін көреміз.

Қазақстанда 2005 жылдарға дейін аралық сотқа кәсіпкерлер тарапынан қызығушылық болмады, оған осы жылдары аралық сотты құқықтық жағынан реттейтін арнайы заңның болмауы әсер етті. «Аралық сот құрылған алғашқы

жылдары дауды шешуге байланысты келетіндердің саны көп болған жоқ, көбіне тек заңи кеңес алуға келетіндер болды. Қазақстан Республикасы Банктік Ассоциациясы өзінің аралық сотты дамыту туралы жұмыстарын тоқтатқан жоқ. Бұл кездерде өзінің аралық сот туралы регламентін, арбитраждық жинақ туралы ережелерін бекітті. Арбитраждық мүшелердің сандары банктік заңи қызметтегі танымал заңгерлермен толықтырыла түсті. Практикада талапкерлердің даулары банк жүйесімен байланысты емес басқа да салалардан түрлі дауларға байланысты талап-арыздар түсе бастады. Осындай даулар аралық сотта өз шешуін табуына байланысты қоғамда мәртебесі арта түсуде» [6,43 б.].

Мүліктік даулар аралық сотта екі тараптың келісімі бойынша ғана қаралады. Бұл – аралық соттың басты шарты. Сондықтан да аралық сотта қаралған істердің саны ең алдымен кәсіпкерлер мен азаматтардың хабардарлығына байланысты. Аралық іс қарау процедураларын кеңінен насихаттау үшін заңгерлер, мемлекеттік қызметкерлер тақырыптық семинарлар дайындап, конференцияларға қатысады, жоғарғы заң оқу орындарында дәріс өткізеді және басқа мақсатты іс-шараларды жүзеге асырады. Жасыратыны жоқ, көптеген азаматтар жеке меншіктің бір ғана формасы болып, даулар жалпы соттарда ғана немесе мемлекеттік арбитражда ғана шешілетін кеңес өкіметі тұсындағы тәртіппен келе жатыр. Одақ кезіндегі бір ғана Сауда-өнеркәсіп палатасындағы арбитраж тек сыртқы экономикалық дауларды қарастыра алды.

Біздің Ресейге қарағанда айырмашылығымыз, аралық соттардың арнайы бір жүйеде тіркелуі қалыптаспаған. Мысалы: Санкт-Петербургте бірлескен аралық сот ашқан кезде онда ұсынылатын арбитрлар құрамын, регламентті, барлық құрылтайшы құжаттар өткізілетін мемлекеттік арбитраждық сотқа статистикалық тіркелуді талап етеді.

Сондықтан да Ресейде оларда қанша аралық сот бар екенін бәрі біледі, ал біз әлі күнге дейін Қазақстан Республикасында қанша аралық (арбитраждық) сот бар екенін білмейміз, нақты осы туралы мәліметтер алатын мекеме жоқ. Ресейде аралық соттар арнайы есептік тіркеуден өтеді. Бірақ Ресейде аралық соттар заңды тұлға ретінде тіркелмейді. Олар әдетте қандай да бір

заңды ұйымның құрамына кіреді. Жалғыз ғана заңды тұлға ретінде тіркелген аралық сот ретінде Мәскеу қаласындағы «Ресей заңгерлері ассоциациясын» айтуға болады.

Бірақ бізде Ресей заңдылықтарын қолдансақ аралық сотты тіркеу рұқсатнамалық жүйеге айналып, тіркеу заңдылықтары қиындап кетуі мүмкін. Аралық сот – бұл жеке тараптармен дауды шешуге байланысты құрылады. Мысалы, нақты бір дауды қарауға арналған уақытша аралық сот құруға болады. Біздің аралық сот туралы заңда, бір дауға байланысты уақытша аралық сотты құру да қарастырылған. Мысалы, біздің арамызда дау туындай қалса, біз өзіміз арбитр тандау арқылы дауды шеше аламыз. Сонымен қатар тұрақты аралық сотқа (арбитражға) арыздануға болады. Аралық сот – дауды қараудың қарапайым процедурасы, оның мәні дауды ешбір қиындықсыз шешу.

Қазақстандағы аралық соттардың қызметі заңдық деңгейде шешілмей олардың жұмысы тиімді болмаған кезеңдері 1991-2004 жылдар аралығында кездесті. 2005 жылдары аралық соттар туралы арнайы заңдар қабылданғаннан кейін барып жағдай өзгерді.

П.Я. Грешниковтың айтуы бойынша «аралық сот «IUS» Қазақстанда 1993 жылдан бастап өз қызметін жүзеге асыра бастады. Сол кезден мемлекет тарапынан экономикалық дауларды аралық сот арқылы шешу туралы типтік ереже қабылданғаннан бастап әрекет етті. Ол кезде Қазақстан Республикасында шаруашылық істерді Арбитраждық сотпен шешу туралы заң күшінде болатын» [7].

Қазіргі кезде экономикалық соттарда не болып жатқаны бәрімізге мәлім, судьялардың жұмысбастылығы. Соттар жұмысының жалпы статистикасын алатын болсақ, қаралатын іс жыл сайын мыңдап көбейіп келеді. Себебі жеке кәсіпкерлік дамып келеді, яғни даулар саны да күннен-күнге көбеюде.

Аралық сотқа азаматтар тек ірі талап-арыздармен ғана емес, әртүрлі бағадағы талап-арыздармен келеді. Дауды талқылаған кезде шындықтың түбіне жету үшін аралық соттар тарапынан арнайы сараптама тағайындалуы мүмкін. Заң бойынша сараптама тараптармен және аралық соттың бастамасы бойынша да тағайындалуы мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 Закон Республики Казахстан «О третейском суде» от 28 декабря 2004 г.
- 2 Тастекеев К.К. Монография. – 2012 ж. – 181 б.
- 3 Указ Президента РК от 28 августа 2009 г. о концепции правовой политики Республики Казахстан на 2010-2020
- 4 Сулейменов М.К. Арбитражные (Третейские) суды в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее. – Алматы: Казахстанский международный арбитраж, НИИ частного права, 2007. – 430 с.
- 5 Грешников П.Я. Третейское разбирательство: из опыта работы международного третейского суда юридического центра Третейский суд: законодательство, теория и практика: сб. ст. и док. / сост. и отв. ред. П.И. Грешников. – Алматы: Юридический центр «IUS», 2000. – 336 с.
- 6 Грешников П.Я. Встретимся... в третейском суде // Юрид. газета. – 2004, октябрь – 5.

References

- 1 Zakon Respubliki Kazahstan «O tretejskom sude» ot 28 dekabrja 2004 g.
- 2 Tastekeev K.K. Monografija. – 2012 zh. – 181 b.
- 3 Ukaz Prezidenta RK ot 28 avgusta 2009 g. o koncepcii pravovoj politiki Respubliki Kazahstan na 2010-2020
- 4 Sulejmenov M.K. Arbitrazhnye (Tretejskie) sudy v Kazahstane: proshloe, nastojashhee, budushhee. – Almaty: Kazahstan-skij mezhdunarodnyj arbitrazh, NII chastnogo prava, 2007. – 430 s.
- 5 Greshnikov P.Ja. Tretejskoe razbiratel'stvo: iz opyta raboty mezhdunarodnogo tretejskogo suda juridicheskogo centra Tretejskij sud: zakonodatel'stvo, teorija i praktika: sb. st. i dok. / sost. i отв. red. P.I. Greshnikov. – Almaty: Juridicheskij centr «IUS», 2000. – 336 s.
- 6 Greshnikov P.Ja. Vstretimsja... v tretejskom sude // Jurid. gazeta. –2004, oktjabr' – 5.